



БҰЙРЫҚ

225 нөс. 05 қаңтар

Нұра кенті

ПРИКАЗ

№ 640

поселок Нура

Нұра ауданының білім беру ұйымдарының оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы X сессиясының «2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» № 119 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысының білім басқармасының 2024 жылғы 29 қараша № 687 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Нұра ауданы білім беретін мекемелердің мектеп директорларына:

1) 2024 жылғы 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

- 2) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты тағамдарды, сондай-ақ үлестерінің массасын граммен көрсете отырып, перспективті мәзір бекітілсін.
2. Білім беру ұйымдары тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақты ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет – ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарына орналастыруды қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау білім бөлімінің бас маманы Б.Ашетоваға жүктелсін.

Бөлім басшысының м.а

Handwritten signature

Д.Такишев



Орын Б.Ашетова
Тел. 87715264893